

ЦИТАТА ДНЯ

Павел СОКОЛОВ,
ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ
ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»
ПО ЛОГИСТИКЕ:

« ДЛ Я П Р И В Л Е Ч Е Н И Я Н О В Ы Х Г Р У З О П О Т О К О В Қ Т Ж Н А П О С Т О Я Н Н Ы Й О С Н О В Е П Р О В О Д И Т С Я Р А Б О Т А П О О Р Г А Н И З А Ц И И К О Н Т Е Й Н Е Р Н Ы Х П О Е З Д О В , П Р Е Д О С Т А В Л Е Н И Ю К А Ч Е С Т В Е Н Н О Г О С Е Р В И С А , К О Н К У Р Е Н Т О С П О С О Б Н Ы Х Т А Р И Ф Н Ы Х У С Л О В И Й »

ЖАҢАЛЫҚ

БАЙҚАУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмамбетовтың Компания шаруашылығын қысқы маусымда жұмыс істеуге дайындау бойынша арнайы бұйрығына сәйкес, бүгінгі таңда күзгі комиссиялық байқау қызу жүріп жатыр.

10 қыркүйекте басталған күзгі комиссиялық байқау 31 қазанға дейін жалғаспақ. Екі айға жуық уақытты қамтитын байқау барысында теміржолшы мамандар жол, электрмен жабдықтау, белгі-беру-байланыс, вагон, локомотив, вокзал шаруашылықтарының қыс маусымына дайындығын тексеріп, кемшіліктерді анықтайтын болады. Ең бастысы, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысы бар қондырғылардың, өртке қарсы құрылғылардың, тағысын тағы аспаптардың істен шықпай, қалтқысыз қызмет етіп тұрғаны назарға алынбақ. Барлық анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабылдау, байқаудың жүргізілуі сапасы бойынша жауапкершілік комиссия төрағасына жүктеледі. Ал пайдалану және өндірістік жұмыстар, еңбек қорғау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ аймақтарына басқарушы директорлардың, атап айтқанда: Семей, Алматы, Шығыс Қазақстан бөлімшелері бойынша Марат Шақеновтың, Қостанай, Павлодар, Жамбыл бөлімшелері бойынша Батыр Котырғөлінің, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда бөлімшелері бойынша Қайрат Сәуірбаев, ал Орал, Маңғыстау, Іле-Алатау бөлімшелері бойынша Төлеубай Кенжебеков жауапты болып тағайындалған.

Ислам ТАЛҒАТ

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Қарттар күніне орай «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшылығының ұйымдастыруымен Астана станциясы, локомотив және вагон пайдалану деполарының бүгінде зейнетке шыққан 30 ардагері «Нұрлы жол» темір жол вокзалы кешеніне және Астана вагон пайдалану депосына экскурсия жасап, стратегиялық маңызға ие заманауи нысандарды аралады.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Аға буын өкілдерінің көбісі жаңа вокзалды алғаш рет көріп тұрғандарын жасырмады. Себебі, көбісі жастары ұлғайған сайын жол жүріп, сапар шекпек түгелі үйлеріне кіріп-шығып жүргендеріне шүкіршілік етеді. Сондықтан сәулеті аспанмен таласқан бұл гажайып вокзалға сапар оларды кәдімгідей қуантып тастады. Вокзал қызметкерлері ардагерлерді күтіп алып, жаңа нысанның кереметтерімен таныстырып, алтыншы қабатта орналасқан хостел, капсулдық демалыс бөлмелерін көрсетті. Сала зейнеткерлері қазіргі заман талабына сай нысанның әсем архитектурасына тәнті болып, кешенді инфрақұрылымда жолаушыларға қажетті жағдайдың бәрі жасалғанына ризашылықтарын білдірді.

– Осы вокзалдан пойызға отырып, бір-екі рет жолаушылағаным бар. Бірақ, асықпай аралап көрген емеспін. Вокзалда мүмкіндігі шектеулі жандарға да, зағип жандарға да түгел жағдай жасалған. Вокзал кезекшілері де мәдениетті, кішіпейіл, ізетті жастардан құралған. Менің шәкіртім Самат Құрбанов осындағы Нұрлы жол станциясын басқарады, мен оны мақтан тұтамын. Өзім теміржол саласында қырық жыл еңбек еттім. Астана станциясын да кезекші, аға реттеуші, тағысын тағы қызметтерді атқардым. Көп



жылғы еңбегім еленіп, «Құрметті теміржолшы» белгісін алдым. Қазір еңбегімнің зейнетін көріп жатқан жайым бар. Осы шағын саяхатты ұйымдастырып отырған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшылығына алғыс айтамыз, – деп ризашылығын білдірді Төлеухан Оқасов есімді зейнеткер.

Астана вагон пайдалану депосының бұрынғы қызметкері Орынбасар Аппасова теміржолда ширек ғасыр жұмыс істепті. Отыз екі жасында бес баласымен жесір қалған қайсар ана балала-

рын қатарынан қалдырмай өсіріп, ұлдарын уяларына, қызын қиясына қондырыпты. Балаларының бәрі аналары салған сүрлеумен жүріп, теміржолшы мамандығын таңдаған. «Қоғам басшылығына алғысымыз шексіз. Ардагерлерің ұмытқан емес. Әр мереке сайын басымызды қосып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады. Міне, Қарттар күніне орай жаңа вокзалға, туған үйімдей болып кеткен вагон депосына саяхат ұйымдастырып отыр», – деп сыр бөлісті ардагер ана.

Бұдан кейін аға буын өкілдері

Астана вагон пайдалану депосына ат басын бұрып, ондағы еңбек жағдайымен танысты, жастармен кездесіп, депоға енгізіліп жатқан жаңашылдықтардан хабардар болды. Мереке иелерін вагон депосының бастығы Аслан Сәуірбаев құттықтап, оларға дендеріне саулық, берекелі ғұмыр тіледі. Ардагерлер де өз кезегінде басшылыққа алғыс білдіріп, өздерінің еңбек жолдарынан сыр шертіп, іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Суретті түсірген Нұрмахан НАУРЫЗБАЕВ

ТРАНЗИТ

НОВЫЕ ПУТИ ЧЕРЕЗ АФГАНИСТАН

25-26 сентября в Ташкенте прошла вторая встреча Рабочей группы по строительству транзитных железнодорожных линий через Афганистан.

Алибек ТОЛЕГЕНОВ

В заседании приняли участие представители АО «НК «Қазақстан темір жолы», АО «Узбекистон темир йуллари», ОАО «Российские железные дороги», Администрации железных дорог Афганистана, посольства Пакистана в Узбекистане.

Одним из важных условий развития региональной интеграции является расширение взаимодействия и реализации проектов в транзитно-транспортной сфере.

– В Казахстане придается особое значение росту транзитных перевозок. Нас объединяет

общая заинтересованность в наращивании международных перевозок, чему будет способствовать реализация проекта по строительству транзитных железных дорог через Афганистан, – отметил в своем выступлении управляющий директор по инфраструктуре – директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Бауыржан Урынбасаров и сообщил о готовности казахстанской стороны не только оказывать содействие в осуществлении совместных планов, но и обеспечивать поставки железнодорожной машиностроительной продукции, выпускаемой в РК.

Участники заседания рассмотрели ход выполнения решений первой встречи, состоявшейся 25-27 марта в Ташкенте. С согласия афганской стороны принято решение о строительстве железных дорог с шириной колеи 1520 мм.

Достигнута договоренность о создании технической подгруппы Рабочей группы для изучения материалов по проектам строительства линий и финансовой подгруппы с целью привлечения инвестиций и выработки оптимальных организационно-правовых механизмов реализации проектов. Кроме того, будет принято соглашение об обеспечении безопасности сотрудников при проведении работ по обследованию и проектированию железных дорог на территории Афганистана.

По итогам встречи подписан соответствующий Протокол. Следующее заседание состоится в первом полугодии 2020 года в Узбекистане.

СОВЕЩАНИЕ

ПО ПУТИ СОТРУДНИЧЕСТВА

Вопросы организации взаимодействия в сфере противодействия коррупции и правонарушений, фактов незаконного вмешательства со стороны сотрудников полиции в работу железнодорожного транспорта были обсуждены в ходе «круглого стола» с участием руководства АО «Пассажирские перевозки» и представителей департамента полиции на транспорте МВД РК.

Руслан РАХМЕТОВ

В ходе рабочей встречи первый заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Кайрат Асқаров отметил, что в компании планируется внедрение системы ротации. Однако многие из членов поездных бригад болезненно воспринимают этот вопрос. Одним из доводов они называют сложности, связанные с перемещением.

– Поездные бригады (а в них на сегодняшний день в АО «Пассажирские перевозки» работает 5600 человек) не согласны с этим из-за трудностей с перемещением. Поэтому у нас сейчас дорабатывается система «Кызметкер», которая позволит производственному персоналу в любое время с 90% дисконтом приобрести необходимый билет. Ведь населенность в наших поездах кроме пиковых сезонов составляет 80-85%. Поэтому наши поездные бригады ни в коем случае не приведут к дефициту билетов. Эта ротация добавит дополнительную работу.

Кроме того, было отмечено, что для нарядов полиции в штатном вагоне пассажирских поездов выделены специальные места. Особенность такой службы – в тесной работе полицейских с железнодорожниками. Сопро-



вождающие поезд сотрудники обязаны поддерживать связь с машинистами, проводниками и полицейскими линейных отделов на станциях, на которых останавливается состав.

– Не все поезда в полном объеме сопровождают наряды полиции. В 15 маршрутах такое сопровождение отсутствует, на отдельных сообщениях осуществляется только на узких участках. Мы также просим содействия по пресечению несанкционированной торговли в поездах. Кроме того, имеются случаи отсутствия записей о сопровождении в рейсовом

журнале. Согласно уголовно-процессуальному кодексу РК, сотрудники пограничных служб КНБ РК не вправе снимать с поезда граждан, допустивших нарушение при пересечении государственной границы. В целях сокращения задержек пассажирских поездов в пунктах пропуска просим обеспечить своевременное реагирование сотрудниками линейного отдела полиции, – отметила директор департамента по работе сервиса и работе с клиентами АО «Пассажирские перевозки» Ботагөз Акимова.

Любопытно, что инструкция имеет и запретительные пункты. Например, полицейским запрещено провозить в своем купе какие-то посылки, посторонних людей, а железнодорожники вправе в любом нарушении сообщать начальнику отдела полиции.

В результате реализации комплекса мер по укреплению дисциплины и законности на протяжении двух лет наблюдается тенденция по снижению количества привлекаемых сотрудников полиции к уголовной ответственности. Так, если в 2018 году их количество снизилось на 29%, то за 8 месяцев текущего года этот показатель уменьшился в 5 раз.

– В июне текущего года из регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» поступил рапорт начальника пассажирского поезда №1153-154 Жакшиевой по поводу неправомерных действий сотрудников батальона по сопровождению пассажирских поездов, которые завели в поезд безбилетного пассажира и требовали места, угрожая неприятностями на работе. По итогам проверки сотрудники были привлечены к строгой дисциплинарной ответственности, – рассказал начальник управления собственной безопасности департамента полиции на транспорте МВД РК Саят Омаргазин.

Кроме того, сотрудникам департамента полиции на транспорте было предложено внедрить в рамках пилотного проекта специальные видеорегистраторы, а также привлечь на добровольной основе сотрудников к охране общественного порядка. Таким образом, в отношении правонарушителя проводник самостоятельно может применить административное взыскание в размере 5 МП либо арест на 10 суток.

По итогам встречи стороны подписали протоколное решение, основные цели которого – дальнейшее противодействие коррупции на железнодорожном транспорте и обеспечение прозрачности деятельности.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ХАБАР-ОШАР

КӨМІРГЕ ТАПСЫРЫС АЗАЙҒАН

Ағымдағы жылдың мамыр-тамыз аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол желісі бойынша көмір тиелімі өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 1 млн тоннаға төмендеп, 30,7 млн тоннадан астам көлемді құрады.

Осы ретте, қазақстандық тұтынушылар үшін 21 млн тонна қатты отынның тиелгенін айтар едік, алайда, бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 900 мың тоннаға кем болып отыр. Соның ішінде, жылу электр орталығына 18,3 млн тонна көмір жеткізілсе, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін 2,7 млн тонна көмір тасымалданған. Бұл көрсеткіш те былтырғыға қарағанда 20% төмен.

Бұл жүк түріне қатысты тасымалдың төмендеуіне себепті, теміржол саласы мамандары жүк жөнелтушілер тарапынан тапсырыстың жоқтығымен, сондай-ақ, көмір тиеуден бас тартуымен түсіндіреді. Теміржолшылар жыл басынан бері жүк жөнелтушілерді, соның ішінде көмір өндіруші ірі кәсіпорындарды күзгі және қысқы маусым кезінде вагондардың жасанды жетіспеушілігін тудырмау үшін жаз мезгілінде теңмөлшерлі тиеліміді қамтамасыз етуге шақырған да болатын.

Жыл соңына дейін ай сайын жүк тиелімінің көлемі 9,6 млн тоннадан кем болмауы керек. Және де осыншама көлемдегі көмірді тасымалдауға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылжымалы құрамы жеткілікті екенін айтар едік. Қазақстан аумағында 59 мыңнан астам ашық вагон тіркелген, соның 55%-і көмір тасымалына жұмылдырылған.

Жыл қорытындысы бойынша 107,5 млн тонна көмірді тасымалдау болжамданып отыр. Соның 72 млн тоннасы қазақстандық тұтынушыларға бағытталса, экспортқа 34,6 млн тоннасы шығарылмақ.

Ислам ТАЛҒАТ

ЦЕЛЬ – РОСТ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК

25 сентября в Гданьске (Польша) состоялось 5-е заседание Совместной рабочей группы по реализации Соглашения между железными дорогами Китая, Беларуси, Германии, Казахстана, Монголии, Польши и России об углублении сотрудничества по организации контейнерных поездов в сообщении Китай – Европа.

Казахстанскую делегацию возглавил управляющий директор АО «НК «Қазақстан темір жолы» – председатель правления АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Кайрат Саурбаев.

В ходе заседания были подведены итоги работы по организации контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай за 8 месяцев текущего года и намечены планы работы на 2020-2022 годы.

В своем выступлении Кайрат Саурбаев отметил проводимую работу по созданию оптимальных условий для развития и привлечения контейнеропотока на маршрут Китай – Европа – Китай через территорию Казахстана.

По итогам заседания утверждены перечень перспективных направлений работы подгруппы экспертов по организации перевозок и маркетингу на 2020-2022 годы и перечень перспективных направлений работы подгруппы экспертов по информационному взаимодействию на 2020-2022 годы. Также продлен срок полномочий председателю совместной рабочей группы, заместителю генерального директора ГК «Китайские железные дороги» Ли Вэньсину.

Члены рабочей группы договорились продолжать работу, направленную на повышение конкурентоспособности, привлечение дополнительных объемов и в целом увеличение доли железнодорожного транспорта на рынке грузовых перевозок.

6-е заседание Совместной рабочей группы планируется провести в Калининграде (Россия) 7-8 апреля следующего года.

Гульнара БУКЕЕВА

БҮГІНГІ САҢ

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚР МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

38%

АРТТЫ

АҚПАРАТ

ҚЫЗЫЛСАЙДА ТАҒЫ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА...

3 қыркүйек күні Қызылсай-Шымкент өткеліндегі 3296 шақырымдағы 8 пикет тақ жолда 2017 жылы дүниеге келген кішкентай ғана сәбиді пойыз басып кетті. Бала ата-анасының қарауынсыз қалған.

Шымкент жол дистанциясының техниктері Назгул Шалхарбаева мен Айгүл Таштемирова теміржол бойын жағалай қоныстанған елдімекен тұрғындарының үйлерін аралап, осы оқиғаны алға тартып, балаларды қараусыз қалдырудың салдарын айтып, үгіт-насихатты күшейтті. Жаңа оқу жылының басталуымен мектепке баратын оқушылар үшін алаңдаған ПЧ-53 мамандары ЖПБ қызметкерлерімен бірге Шымкент қаласындағы №102, 79, 22, 34 мектептерге барып, оқушылармен жүздесті. Бұдан бөлек Азат, Нахаловка мөлтек аудандарының тұрғындарын үйіме-үй аралап, қауіпсіздік туралы кітапшалар мен жадынамалар таратты. «Жыл басынан бері теміржолда 8 адам басу фактісі тіркелді. Шымкент жол дистанциясы теміржолға жақын маңайда тұратын үйлер мен мектептерге барып «Теміржол – аса қауіпті аймақ», «Абайлаңыз, балалар!» айлығы бойынша кездесулер өткізді. Елдімекендерді аралауда бізбен бірге полиция майоры Әділ Сайрамбаев, Шымкент станциясы ЖПБ ӘПБ Ювеналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Шарипа Сыздықова еріп жүрді. Себебі, жергілікті халық біздерді тыңдамауы мүмкін, ал тәртіп сақшыларынан сәл де болса аяқ тартып, айтқанды тыңдайды. Жалпы, мектептерге барып, үгіт-насихат жұмыстарына бір жарым мыңнан аса оқушыларды қамтыдық», – деді Шымкент жол дистанциясының техникі Назгул Шалхарбаева.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

ЛОКОМОТИВТЕР МӘСЕЛЕСІН ШЕШПЕК



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде биыл 1 қазан мен 1 қараша аралығында «Локомотивті сапалы пайдалану және жөндеу мен сервистік кәсіпорындармен өзара іс-қимыл» атты айлық өткізілімек.

Бөлімше директорының орынбасары Ерлан Бүркітовтің айтуынша, аталған шараның мақсаты – локомотивтерді сапалы пайдалануда жұмысшылардың жауапкершілігін арттыру, еңбек және технологиялық тәртіпті нығайту, пойыздар қозғалысын ұйымдастыру бойынша өндірістік қызметтің нәтижелілігі үшін жұмысшылардың жеке жауапкершілігін күшейту.

– Тәжірибе көрсеткеніндей, жөндеу және сервистік орталықтар бүгінде бар мәселелерді алға тартады, атап айтқанда, олар – ТЭД, яғни, тартымдық электр қозғалтқыштардың, дөңгелек мотор блоқтың жоқтығы. Сондықтан бекітілген нормалары бар жөндеуде тепловоздардың қайта тұрып қалуына жол беріледі. Өкінішке қарай, Маңғыстау станциясы бойынша жөндеу базасы 2015 жылы жабылып қалған, – дейді Ерлан Бүркітов.

Алайда, басқа Сексеуіл, Шалқар, Мақат, Ақтөбе сынды орталықтармен жұмыс жалғасқан табуа. Сол себепті филиал басшылығы «қол қусырып» отырмайша шешім қабылдады, сөйтіп негізгі екі перспективалық бағыт – эксплуатация және локомотив жөндеу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Бүгінде филиал бойынша аталған айлықты өткізу туралы кешенді жоспар шаралары жасалуда. Сондай-ақ шаралар қабылдауда аймақтық және желілік деңгейде тиісті басшылардың міндеттері айқындалуда.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕН ӨТЕ АЛМАДЫ

Бағдаршамға қарамай темір жол бойына шығып кеткен көлік пойыз астында қалды. Қайғылы жағдаймен аяқталған оқиға Ақтөбе облысы Шалқар станциясының аумағында орын алған.

«УАЗ» маркалы жеңіл автокөлік бағдаршамның тоқтау белгісіне қарамай, теміржол бойына шығып кеткен. Нәтижесінде 82 жастағы көлік жүргізуші оқиға орнында көз жұмды. Бүгінгі күні алдын ала тексеру жұмыстарын жүргізген полицейлер өткелдегі бағдаршамда ақау болмағанын растайды. Көлік жүргізуші бағдаршамның белгісіне қарамай, пойыз келгенше өтіп кетемін деп ойлаған.

«Оқиға он км жердегі 5-ші бекеттің тұсында Шалқар – Сарыкедік станцияларының арасында болды. Ол арнайы күзетілетін өткел болмаса да барлық қауіпсіздік ережелері сақталған. Бағдаршам, белгі беру нысандары жұмыс жасайды. Жүк пойызы – «Жезқазған-Бейнеу» бағытында келе жатқан құрам», – дейді Шалқар жол дистанциясының басшысы Амандық Қарақұшиқов.

Жол дистанциясының мәліметінше, аймақта шұғыл тоқтату оқиғасы осыған дейін болмаған, бұл – өткелде бийдылыққа тіркелген бірінші оқиға. Мамандар түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілгенімен қауіпсіздік ережесін сақтамайтындардың көп екенін жасырмайды. Шалқар ауданында 18 өткел бар екен. Оның жетеуі күзетке алынған, күндіз-түні бақылауда. Ол жерде тиісінше бейнебақылау орнатылған. Күзетке алынған жеті өткелде ай сайын желілік полиция бөлімінің инспекторларымен рейд жұмыстары жүргізіледі. Белгіленбеген жерден жүру секілді заң бұзушыларға қатысты мәліметтерді жергілікті әкімшілікке беріп отырамыз. Біз сонымен қатар, басқа өңірлерде теміржол аумағында болған қосын жағдайларды мысалға алып, халыққа барынша жете түсіндіруге тырысамыз. Бірақ өмірін қауіпке тігетіндер азаймай отыр...», – дейді дистанция басшысы. Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

АҚЖАЙЫҚТЫҢ КӨРСЕТКІШІ КӨТЕРІҢКІ

Ақжайық станциясы жүк тасымалы жоспарын орындауда бар мүмкіндігімен жұмыс істеуде. Станциядан күніне 2-3 пойыз, 100-150 вагон қабылдап-жөнелтіледі, жолдары қысқа, дөңесі жоқ станция үшін бұл аз мүмкіндік емес, жоғары көрсеткіш деуге болады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Ақжайық

Әсіресе жүк тиеу мен түсіру көлемі артып кеткен кезде оңай емес. Егер Құлсары, Махамбет станциялары тек мұнаймен жұмыс жасаса, мұнда цистерналарға бензин, мазут, реактивті отын құйылады. Егін егу мен жинау науқаны кезінде еліміздегі ауыл шаруашылығы мекемелеріне тапсырыс бойынша дизель отыны жіберіледі. Міне, сол кездерде станцияның қауырт жұмысы күндіз-түні бір тынбайды. Станцияның 7 қабылдап-жөнелту, 3



тұрақтау жолы бар. Маневр жұмыстары станция ішінде жасалады, ол үшін екі маневрлік тепловоз тынымсыз жұмыс істейді.

Станция бастығы Есенжан Темірғалиевтің айтуынша, биыл өткен 8 айда станцияның атқарған жұмысы ауқымды болды. Маусым айында орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспарда 12.59 вагон болса, нақты 5.2 вагон тиеліп, 41 пайызды құраған. Тоннамен есептегенде 50.7 тонна тиеліп, жоспар 48 пайызды

құрапты. Ал жүк түсіру тәулігіне 93.5 вагон болып, 111,4 пайызға жеткен.

Енді сегіз айлық көрсеткішке тоқталсақ, орташа тәуліктік тиеу жоспардағы 6,6 вагон орнына 8,4 вагон болып, 127,3 пайызды құраған. Тоннаға шаққанда 487,9 тонна болып, 150,1%-ға орындалған. Жүк түсіру көлемі де аз емес – жоспар 60,12 вагон, орындалуы 67,99 вагон, 113,1%. Статистикалық салмақ 118,4 пайызға орындалды. Жұмыс паркі 109 вагон-

ды құрап, 100% болды. Жергілікті вагонның тұруы да 126,6 пайызды құрап, жоғары көрсеткішті көрсетті. Сегіз айда станцияда орташа тәуліктік вагон айналымы 236,9 вагонды құрап, жоспар 123,0 пайызға орындалды. 16522 вагон түсіріліп, жоспар 113,1%-ті құрады. Қысқасы, жұмыстың ауырлығы мен күрделілігіне қарамастан станция ұжымы өздеріне берілген жоспар межесінен көрініп келеді.

Суретті түсірген автор

КҮЗГІ БАЙҚАУ

МАХАМБЕТ СТАНЦИЯСЫНАН БАСТАЛДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде күзгі комиссиялық тексеру жұмыстары биыл қыркүйек айының ортасында басталды. Комиссия мамандарымен қамтылған тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылып, тексеріс барысында қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр құралдарының жағдайы, вагондардың жайы, темір жолдың қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білім мен біліктілігі, жеке мәселелері, проблемалары да қаралуда.

Әділ ЕРМЕК,
Атырау

«Биылғы байқау Махамбет станциясынан басталды. Көктемгі тексеріс кезінде бұл станция жұмысына әжептәуір сын айтылған болатын. Сол оқушылардың қандай деңгейде шешіліп жатқанын білу мақсатында бірінші кезекте қаралды. Содан кейін Исатай-Қызылжар, Ганюшкино-Д. Нүрпейісова, Ганюшкино-Исатай телімдері, Теңдік-402 разьезд қорғау және қауіпсіздік техникасы, станциялардың техникалық жағдайы, жолдың үстіңгі қабаты, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылыстардың жағдайы, сумен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі қаралған-ды. Ол тексерулерде байқалғаны,

негізінен электр желілерін, бағыттамалы бұрмаларды сыртқы тексеру, рельс шынжырларының оқшаулау элементтерін тексеру және жөндеу бағытында кемшіліктер бар. Станцияларда вагон қараушылардың, пойыз құрастырушылардың, басқа да жұмысшылардың жұмыс жасауына жарықтық, прожекторлардың болмауы немесе әлсіздігі есер етеді. Рельс шынжырларының оқшаулау элементтерін тексеруді сапасыз жүргізу және жөндеу бағытындағы кемшіліктер бар. Шафтар даттанып кеткен, кей бағдарламалар іші шаң, топырақ басып кеткен, содан да жарығы көмескі. Барлық станция, дистанцияларда техникалық құжаттама жүргізу де олжылықтар орын алғаны байқалды. Осы және басқа да жұмыстарды тексеру ісі арнайы комиссиямен аяқтала келді. Қорытынды жиын қазан айының ортасына қарай өтпек.

ВОКЗАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МІНДЕТ - САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Семей ЖТ бөлімшесінің 769,7 шақырымындағы Шар станциясында барлық теміржол ғимараттары – түгелдей Түрксіб құрылысының туындысы. Соның ішінде биыл ірге көтергеніне 90 жыл болған Шар теміржол вокзалын да атауға болады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Үш бағытта қызмет көрсететін Шардың вокзалы күрделі жөндеуден өткеніне көп бола қойған жоқ. Онда еңбек ететін сала қызметкерлері қазіргі таңда вокзал перроны мен осы аумақта орналасқан «теміржолшылар алаңын» көркейту, гүлдendirу ісінде алдыңғы қатардан табылуда.

– Вокзал еңбеккерлері ала жаздай жаңадан ашылатын теміржолшылар саябағын абаттандыруға уақыт тапты. Нәтижесінде қазіргі таңда Шар кентіндегі ең көрікті орын – біздің вокзал аумағы, – дейді осы салада 20 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан вокзал бастығы Гүлнара Мұстафина.

Ұжым құрамы кілең жастардан тұрады әрі барлығы дерлік Шардың тумалары. Сондықтан да, белсенділіктері жоғары. Қазіргі күні кең сарайдай алып теміржол бекетінің іші де мұнтаздай, толық әрленген-сырланған. Биылғы жылы қосымша жөндеуден өткізіліп, алдағы қысқа толықтай даярланған.



Биылғы жылдың бір жаңалығы вокзал ішіне жаңадан терминалдар қойылыпты. Төрт вокзал кезекшісі мен бір аға кезекшінің кабинеттері, билет кассасы да талапқа сай етілген. Бөлімше бойынша ең үздік деп танылған ана мен бала бөлмесі де жолаушылар игілігіне жұмыс істеп тұр.

– Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шаукежанов әр тексеруге келген сайын жолаушылармен сыпайы қарым-қатынаста болып, сапалы қызмет көрсетуді тапсырады. Басты міндетіміз де сол ғой біздің – алыс-жақынға аттанған жүргіншілерге мей-

лінше қолайлы жағдай жасау, – дейді Гүлнара Омарбекқызы.

Қазіргі таңда Шар теміржолынан Семей, Алматы, Өскемен бағытына тәулігіне 12 жолаушылар пойызы өтеді екен. Сәйкесінше жолаушылар нөпірі де мол. Жазғы мезгілде шартарапқа тәулігіне шамамен 70-90 жолаушы аттанады. Орта Азия мен Ресей қалаларына аттанатын жолаушылар қарасы да көп екен.

– Жазғы мезгілде маусымдық сипатқа байланысты вокзал бойынша билет тапшылығы сезіліп, біршама қиындықтар туындағаны бар. Алайда, қазіргі таңда ахуал бір қалыпқа түсті. Жүргіншілердің басым көпшілігі жол жүру құжатын ғаламтормен рәсімдейтіндіктен касса алдында айтарлықтай қарбалас жоқ, – дейді вокзал басшысы. Қазіргі таңда Шар вокзалында төрт касса жолаушылар игілігі үшін тұрақты түрде жұмыс істеп тұр.

Вокзал бастығы Гүлнара Омарбекқызы – Шар өңірінің танымал теміржолшылар әулетінің өкілі. Жұбайы Қуаныш Жақатаев – Тальго жүрдек пойызының машинисі. Қазіргі таңда Шар-Локоть-Дегелең-Защита бағытында жолаушы тасымалы бойынша қызмет көрсетеді. Ерлі-зайыптылар үшін үйдегі де, жұмыстағы да ортақ тақырып жолаушыларға қызмет екені талас тудырмаса керек.

Жалпы, Шар теміржолшылары үшін Түрксібпен бірге бой көтерген осынау шағын кент күрежолдың бойында орын тепкендіктен жолаушыларға сапалы қызмет көрсету басты орында.

Суретті түсірген автор

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ЗАВЕРШЕН

Летняя путевая кампания в Алматынском регионе прошла по графику и без срывов. Этому способствовала хорошая организация железнодорожников и подрядчиков, которые выполнили запланированные 94,652 километра пути.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В этом году капитальный ремонт пути проходил на участках Бескольской и Актогайской дистанций пути. На сегодняшний день остались, как говорится, мелкие штрихи, еще производится выправка пути и приведение рельсовых плетей в оптимальный режим эксплуатации. Можно смело констатировать, что подрядные организации ТОО «Теміржол жөндеу» ПМС Астана и ТОО «Integra Construction KZ» и работники магистральной сети, а именно путевого хозяйства, сделали все необходимые работы до наступления низких температур.

Чтобы успеть в срок и пережить безболезненно зимний период, работы проводились ритмичными темпами. Все причастные к летней путевой кампании прекрасно понимали, что дорог каждый солнечный день, — отмечает директор Алматынского отделения магистральной сети Таглат Еспанов.

Ремонт ни в коем случае не оказывал негативного влияния на перевозочный процесс — проводился в период специализированных технологических окон.

На участках Бескольской дистанции пути разезд №19 — Достык, разезд №2 — Сарыкум, где работали специалисты подрядной организации



